

Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 ақпандағы № 9/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 наурызда № 4086 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 16 шілдедегі № 36/3 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 16.07.2019 № 36/3 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде жылына бір рет әлеуметтік көмек ұсынылсын.

2. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен осы мақсаттарға қаржылық жылында қарастырылған 451.004.000 функционалдық сыйыптама тобы бойынша өндірілсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы
мәслихатының кезекті
IX сессиясының төрағасы

Жамбыл ауданы
мәслихатының хатшысы

B. Волков

Б. Мұсабаев